

16.01.2018-ғы № 209-1-1796-

Д/20-34/2440/14-3 ШЫҒЫС

хаты

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ**

010000, Астана қаласы, «Министрліктер Үйі»

тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16



**МИНИСТЕРСТВО  
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН**

010000, город Астана, «Дом министерств»

тел.: (7172) 74-24-28, факс: (7172) 74-24-16

№ \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

*2017 жылғы 26 қазандағы*

*№ ДС-254 депутаттық сауалға*

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаттары  
Ә.Е. Бектұрғановқа, К.И. Мұсырманға,  
Б.Қ. Хаменоваға, Ж.Н. Нұрманбетоваға,  
А.Б. Тасболатовқа, И.В. Смирноваға,  
Н.В. Жұмаділдаеваға**

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі  
2017 жылғы 26 қазандағы № ДС-254 депутаттық сауал бойынша ақпаратты  
қосымшаға сәйкес жолдайды.

*Қосымша: 6 парақта.*

**Министр**

**Е. Сағадиев**

*Орынд: Н. Дидарбекова,*

*тел.: 74-25-27*

*Эл. мекенж.: n.didarbekova@edu.gov.kz*

16.01.2018-ғы № 209-1-1796-Д//20-34/2440/14-3 шығыс хаты

2018 жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_ хатқа  
қосымша

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ) 2017 жылғы білім беру гранттарын тағайындауға қатысты депутаттық сауалды қарастырып, келесіні хабарлайды.

*Білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі республикалық конкурстық комиссияның қызметі, «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқықтарын сақтау, сондай-ақ білім беру гранттарын тағайындау мәселелері бойынша.*

Жыл сайын БҒМ білім беру гранттарын тағайындау жөніндегі конкурсты өткізу үшін «Білім туралы» Заңды және Жоғары білім алуға ақы төлеу үшін білім беру грантын беру ережесін<sup>1</sup> (бұдан әрі – Ереже) басшылыққа алатын Республикалық конкурстық комиссияны (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Аталған Ереженің 5-тармағына сәйкес білім беру гранттары талапкерлер өтініш білдірген мамандықтар кезектілігіне сай Ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) сертификаттары балдарына сәйкес тағайындалды. Аталған Ереженің 5-1 тармағына сәйкес талапкерлер өтініште өзі таңдаған мамандық пен ЖОО-ны көрсетеді, ал бейіндік пәндер сәйкес келген жағдайда төрт мамандықты көрсете алады. Бұл ретте аталған Ереженің 6-тармағына сәйкес білім гранттарын алу кезінде «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығы сақталды.

Осы жылдың ерекшелігі ҰБТ-ны 2 дербес процеске бөлу: қорытынды аттестаттау – мектептегі мемлекеттік бітіру емтиханы және ҰБТ – ЖОО-ға түсу емтиханы болып табылды. «Білім туралы» Заңның осы нормасының 1-бабының 5б) тармақшасының 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілуі «Алтын белгі» иегерлері санының өткен жылмен салыстырғанда 2,2 есеге өсуіне алып келді.

Жалпы республикада ҰБТ нәтижелері бойынша 4664 «Алтын белгі» иегерлерінен 100 балдан аса жинаған 3364 адам, 100 балдан кем жинаған 1300 адам грант тағайындау конкурсына қатысқан үміткер болды. Олармен қатар, конкурсқа ҰБТ нәтижелері бойынша 100 балдан аса жинаған, «Алтын белгі» иегерлері емес 17,3 мың талапкер қатысты.

Осыған байланысты гранттарды тағайындау конкурсын өткізу кезінде ҰБТ нәтижелері жоғары емес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығының бар болуы қоғамдық резонанс туындатты.

Туындаған жағдайды назарға ала отырып, Комиссия гранттарды ҰБТ балдары бойынша тағайындау туралы шешім қабылдады. Бұл ретте «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығын сақтау үшін қосымша гранттар бөлу қажет болды.

---

<sup>1</sup> Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысымен бекітілген

«2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңымен БҒМ бюджетінде ұлттық ЖОО-да 12906 адамның білім алуы үшін 3 267,0 млн. теңге көлемінде қаражат қарастырылғанын атап өтеміз. Конкурс нәтижелері бойынша ұлттық ЖОО-да 2 437,9 млн. теңгеге білім алуға 9861 адам ниет білдірді.

Бюджет кодексінің 31-бабының 2-тармағына сәйкес бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджет қаражатын дербес пайдаланады. Осыған байланысты 829,1 млн. теңге көлеміндегі қалыптасқан қаражаттың айырмашылығы қосымша бөлінген гранттар бойынша талапкерлердің білім алуға арналған шығыстарын жапты. Қорытындылай келе, барлық талапкерлер (бірінші тізім бойынша да, екінші тізім бойынша да) өздерінің өтініштеріне сәйкес грант иегері атанды.

Осылайша мүдделі мемлекеттік органдардың ұстанымдарын есепке ала отырып, «Білім туралы» Заңның 8-бабы 2-тармағына сәйкес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығын сақтай отырып, талапкерлердің конкурстық негізде тегін жоғары білім алуы үшін құқық берілгендігін атап өту қажет. Осыған байланысты Комиссия өз жұмысында заң жобасын емес, қолданыстағы заңнаманы басшылыққа алды.

*Медициналық мамандықтар бойынша медициналық жоғары оқу орындарының арасында мемлекеттік білім беру грантын бөлу бойынша*

Соңғы жылдары медициналық мамандықтар бойынша мемлекеттік тапсырыс көлемінің төмендеуі байқалады, ағымдағы жылы мемлекеттік тапсырыс 3150 орынды<sup>2</sup> құрады, оның ішінде 600 орын С.Д. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ге бөлінген, қалған 2550 орын медициналық кадрларды даярлауды жүзеге асыратын басқа да ЖОО-ға конкурстық негізде орналастырылды. Бұл ретте 2017 жылғы 27 шілдедегі №560 бұйрықта медициналық мамандықтар бойынша Үкіметтің 2017 жылғы 22 маусымдағы №386 қаулысымен бұрын белгіленген мемлекеттік тапсырыс көлемі бекітілді.

Өткізілген конкурс нәтижелері бойынша С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-де білім алу үшін бір орынға 14 адамға дейін, басқа ЖОО-ларда – 4 адамға дейін үміткер болды. Бұл ретте талапкерлердің арасында Астана және Алматы қалаларының, яғни Астана медицина университеті мен С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ басым болды.

Туындаған жағдайды ескеріп, қосымша гранттарды тағайындау кезінде талапкерлерге олардың көрсеткен мамандықтарын есепке ала отырып, басқа өңірлердегі медициналық ЖОО-да білім алу ұсынылды. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде бірде-бір талапкер тағайындалған гранттан айырылған жоқ.

*Білім және ғылым, Денсаулық сақтау министрліктерінің жауапты қызметкерлеріне қатысты жауапкершілік шараларын қолдану мәселесі бойынша.*

Комиссия өз жұмысында «Білім туралы» Заңды басшылыққа алды. Комиссия шешімінің негізінде БҒМ-нің білім беру гранттарын тағайындау

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 560 бұйрығы

туралы тиісті 2017 жылғы 10 тамыздағы №400 бұйрығы шығарылып, бұйрыққа кейіннен өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

Конкурсты өткізу кезінде ҰБТ балдары жоғары емес «Алтын белгі» иегерлерінің басым құқығының бар болуы қоғамдық резонанс туындатқанын ескере отырып, БҒМ аталған белгіні беру рәсімдері мен талаптарының сақталуына мектептер мен білім бөлімдері/басқармаларына тексеру жүргізді. Тексеру нәтижелері бойынша Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларының<sup>3</sup> жекелеген нормалары бұзылғандығы анықталып, жергілікті атқарушы органдарға анықалған кемшіліктер көрсетілген тиісті хаттар жолданды. «Алтын белгі» белгісін тағайындау кезінде бұзушылыққа жол берген адамдарға қатысты қолданылған жауапкершілік шаралары туралы жергілікті атқарушы органдар БҒМ-ді ақпараттандырды.

Сонымен қатар, Республикалық бюджеттік комиссияның шешімімен қосымша тағайындалған гранттарды ескере отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2017-2018 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырысты ұлғайту бойынша шығыстарды қолдады. «Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын білім беру ұйымдарында (Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдар үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын білім беру ұйымдарын қоспағанда) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандар даярлауға 2017 – 2018 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 22 маусымдағы» № 386 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Үкіметінің қаулысына тиісті өзгерістер мен толықтырулар (ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 5 желтоқсандағы №810 қаулысы) енгізілді.

Бүгінгі күні БҒМ алдағы 3 жылға мемлекеттік тапсырысты мерзімінде бекіту және жоғары оқу орындарына қабылдауды реттейтін басқа нормативтік-құқықтық актілерді, сондай-ақ жұртшылық арасында кең ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу бойынша қажетті шараларды қабылдауда.

БҒМ бастамасымен мемлекеттік тапсырыс жобасы алдағы 3 жылға қалыптастырылып, мүдделі мемлекеттік органдарға келісу үшін жолданды. Бұл талапкерлерді мерзімінде ҰБТ тапсыру үшін олардың бейіндік пәндерді, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен мамандықтарды таңдауына бөлінетін гранттар туралы ақпараттандыруға мүмкіндік береді.

---

<sup>3</sup> Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы

16.01.2018-ғы № 209-1-1796-Д//20-34/2440/14-3 шығыс хаты

Приложение  
к письму № \_\_\_\_\_  
от «\_\_» \_\_\_\_\_ 2018 года

Министерство образования и науки Республики Казахстан (далее – МОН), рассмотрев депутатский запрос, касательно присуждения образовательных грантов в 2017 году, сообщает следующее.

*По вопросам деятельности Республиканской конкурсной комиссии по присуждению образовательных грантов, сохранения преимущественного права обладателей знака «Алтын белгі», а также присуждения образовательных грантов.*

Ежегодно для проведения конкурса по присуждению образовательных грантов МОН создается Республиканская конкурсная комиссия (далее – Комиссия), которая руководствуется Законом «Об образовании» и Правилами присуждения образовательного гранта для оплаты высшего образования<sup>4</sup> (далее – Правила).

В соответствии с пунктом 5 названных Правил образовательные гранты присуждаются в соответствии с баллами сертификатов Единого национального тестирования (далее – ЕНТ) согласно очередности специальностей, заявленных абитуриентами. На основании пункта 5-1 указанных Правил абитуриенты в заявлении указывают выбранную ими специальность и ВУЗ, а при совпадении профильных предметов указывают четыре специальности. При этом в соответствии с пунктом 6 указанных Правил сохранено преимущественное право обладателей знака «Алтын белгі» на получение образовательного гранта.

Особенностью этого года явилось разделение ЕНТ на 2 самостоятельных процесса: итоговая аттестация, как государственный выпускной экзамен в школе, и ЕНТ, как вступительный экзамен в ВУЗ. Введение в действие данной нормы Закона «Об образовании» подпункт 5б) статьи 1 с 1 января 2017 года привело к увеличению количества обладателей знака «Алтын белгі» по сравнению с предыдущим годом в 2,2 раза.

В целом по республике, по результатам ЕНТ из 4664 обладателей знака «Алтын белгі», участвовавших в конкурсе, на присуждение грантов претендовали 3364 человек, набравших более 100 баллов, и 1300 человек – менее 100 баллов. Наряду с ними в конкурсе также участвовали свыше 17,3 тыс. абитуриентов без знака «Алтын белгі», но набравших более 100 баллов по результатам ЕНТ.

В этой связи при проведении конкурса на присуждение грантов наличие преимущественного права у обладателей знака «Алтын белгі» при имеющихся невысоких результатах ЕНТ, вызвало общественный резонанс.

Принимая во внимание сложившуюся ситуацию, Комиссией было принято решение о присуждении грантов по баллам ЕНТ. При этом для

---

<sup>4</sup> Утверждены постановлением Правительства Республики Казахстан от 23 января 2008 года № 58.

сохранения преимущественного права обладателей знака «Алтын белгі» потребовалось выделение дополнительных грантов.

Отмечаем, что Законом «О республиканском бюджете на 2017-2019 годы» в бюджете МОН были предусмотрены средства на сумму 3 267,0 млн. тенге для обучения в национальных ВУЗах 12906 человек. По результатам конкурса изъявило желание обучаться в национальных ВУЗах 9861 человек на сумму 2 437,9 млн. тенге.

В соответствии с пунктом 2 статьи 31 Бюджетного кодекса администратор бюджетных программ самостоятельно использует бюджетные средства. В этой связи сформировавшаяся разница средств в сумме 829,1 млн. тенге покрыла расходы на обучение абитуриентов по дополнительно выделенным грантам. В итоге все абитуриенты (по первому и второму спискам) стали обладателями гранта согласно их заявлению.

Тем самым с учетом позиций заинтересованных государственных органов следует отметить, что абитуриентам в соответствии с пунктом 2 статьи 8 Закона «Об образовании» было гарантировано право на получение бесплатного высшего образования на конкурсной основе с сохранением преимущественного права обладателей знака «Алтын белгі». Исходя из этого, Комиссия в своей работе руководствовалась действующим законодательством, а не законопроектом.

*По вопросу распределения государственного образовательного заказа между медицинскими ВУЗами по медицинским специальностям*

В последние годы отмечается уменьшение объема госзаказа по медицинским специальностям, в текущем году госзаказ составил 3150 мест<sup>5</sup>, из них 600 мест размещено в КазНМУ им. С. Асфендиярова, остальные 2550 мест размещены на конкурсной основе в других ВУЗах, осуществляющих подготовку медицинских кадров. При этом в приказе от 27 июля 2017 года № 560 был утвержден объем госзаказа по медицинским специальностям, обозначенный ранее в постановлении Правительства от 22 июня 2017 года № 386.

По результатам проведенного конкурса для обучения в КазНМУ им. С. Асфендиярова претендовали на одно место до 14 человек, в других ВУЗах – до 4-х. При этом среди абитуриентов приоритетными стали ВУЗы г.г. Астаны и Алматы, т.е. Медицинский университет Астана и КазНМУ им. С. Асфендиярова.

Учитывая сложившуюся ситуацию при присуждении дополнительных грантов, абитуриентам было предложено обучение в медицинских ВУЗах других регионов с учетом заявленной специальности. В результате проведенной работы ни один абитуриент не лишился присужденного гранта.

*По вопросу принятия мер ответственности в отношении сотрудников министерств образования и науки, здравоохранения*

Комиссия в своей работе руководствовалась Законом «Об образовании». На основании решения Комиссии был издан соответствующий приказ МОН о

---

<sup>5</sup> Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 июля 2017 года № 560.

присуждении образовательных грантов от 10 августа 2017 года № 400 с последующим внесением в него изменений и дополнений.

Учитывая, что именно наличие преимущественного права обладателей знака «Алтын белгі» с невысокими баллами ЕНТ при проведении конкурса вызвало общественный резонанс, МОН проведена проверка школ и отделов/управлений образования на предмет соблюдения процедур и требований при присуждении данного знака. По результатам проверки выявлены отдельные нарушения норм Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся<sup>6</sup> и местным исполнительным органам направлены соответствующие письма с указанием выявленных недостатков. О принятых мерах ответственности в отношении лиц, допустивших нарушения при присуждении знака «Алтын белгі», местные исполнительные органы проинформировали МОН.

Вместе с тем, сообщаем, что решением Республиканской бюджетной комиссии поддержаны расходы по увеличению государственного образовательного заказа на подготовку кадров с высшим и послевузовским образованием на 2017-2018 учебный год, с учетом дополнительно присужденных грантов. Соответствующие изменения и дополнения внесены в постановление Правительства РК «О внесении изменений в постановление Правительства Республики Казахстан от 22 июня 2017 года № 386 «Об утверждении государственного образовательного заказа на подготовку специалистов с высшим и послевузовским образованием, а также с техническим и профессиональным, послесредним образованием в организациях образования, финансируемых из республиканского бюджета (за исключением организаций образования, осуществляющих подготовку специалистов для Вооруженных сил, других войск и воинских формирований, а также специальных государственных органов), на 2017-2018 учебный год» (постановление Правительства РК от 5 декабря 2017 года №810).

На сегодняшний день МОН принимаются необходимые меры по своевременному утверждению госзаказа на ближайшие 3 года и других нормативных правовых актов, регламентирующих прием в вузы, а также проведению широкой информационно-разъяснительной работы среди населения.

МОН уже инициировал формирование проекта госзаказа на предстоящие три года, который находится на согласовании в заинтересованных государственных органах. Это позволит заблаговременно информировать абитуриентов о выделяемых грантах для выбора ими профильных предметов для сдачи ЕНТ, а также вуза и специальности.

---

<sup>6</sup> Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 марта 2008 года № 125.